

**Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың нысаналы топтарын жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі N 09 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 19 тамызда N 5-6-114 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 20 наурыздағы N 05/754 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012.03.20 N 05/754 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14)- тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7, 18-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 5, 8-баптарына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру аясында халықтың нысаналы топтарын (бұдан әрі – Қатысушылар) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша шаралар:

1) техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім түлектері санынан жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру;

2) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру жолымен қ а б ы л д а н с ы н .

2. Жұмысқа орналастыру келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын:

1) нысаналы топтарға жататын және «Аягөз ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Бөлім) жұмыссыз ретінде тіркелген Қатысушыларды жұмысқа жолдау;

2) Қатысушылардың олар үшін лайықты жұмыс таңдау кезеңінде жоқ болуы;

3) түлектің жасы 29 жасқа дейін;

4) жұмыс мерзімі 6 айға дейін.

3. Жұмысқа орналастыру меншік нысанына қарамастан ұйымдарда (бұдан әрі – Жұмыс берушілер) Жұмыс берушілердің Бөліммен шартының негізінде

ұйымдастырылады және өткізіледі.

Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстардың түрлері, көлемдері, еңбек төлемінің мөлшері мен шарттары, қаржыландыру мерзімі мен көздері болу керек.

4. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек жағдайы Жұмыс берушілердің және Қатысушылардың арасында жасалған еңбек шарты мен анықталады.

5. Қаулыда көрсетілмеген өзге де жағдайлар Жұмыс берушілердің және Қатысушылардың арасында жасалған еңбек шартында айқындалатын болады.

6. Қатысушылардың еңбек төлемі олардың жеке шоттарына қаржы аудару жолымен 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

7. Жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан Қатысушылардың еңбек төлеміне шығындары 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде республикалық бюджеттен жартылай өтеледі.

8. Нысаналы топтан әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздардың еңбек төлемі ай сайын еңбек шартының талаптарына сәйкес және орындалатын жұмыстың күрделілігі мен мөлшеріне, сапасына байланысты Жұмыс берушілердің еңбек төлемі қорынан жүзеге асырылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған Жұмыс берушілерді іріктеу ресми ұсыныстардың түсу шамасы бойынша кезектілік тәртібінде жүргізіледі.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н Сұлтановқа жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә. Мұхтарханов*